

БЕКІТЕМІН

Нұрғожин М.Р. _____
«ҰҒЗТО» АҚ
Басқарма төрағасы

«10» наурыз 2021 жыл

«Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ және оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі РЕГЛАМЕНТІ

1 бөлім. Жалпы ережелер

1. «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ (әрі қарай – «ҰҒЗТО» АҚ) және оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі регламенті (әрі қарай – Регламент) «Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығы» АҚ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру мақсатында әзірленген.

2. Регламент, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі ҚР агенттігінің төрағасы А.Ж. Шпекбаевтің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы юйрығымен бекітілген Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы институт ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстарына сәйкес, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы 410-V ЗРК ҚР Заңы (әрі қарай – Заң), сыбайлас жемқорлыққа қарсы қолданыстағы заңнамалар негізінде әзірленген.

3. Регламенттегі түсініктер төмендегі мәндерде қолданылады:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс – квазимемлекеттік сектор субъектілері құрылымдарының біріне жүктелетін, сыбайлас жемқорлық саласында Қазақстан республикасы заңнамаларын тиісті ұйым және оның қызметкерлері сақтауын қамтамасыз ету бойынша функция;

2) квазимемлекеттік сектор субъектілері – қатысушысы, құрылтайшысы немесе акционері мемлекет болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, оның ішінде ұлттық басқару холдингтері, ұлттық холдингтер, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамалық актілеріне сәйкес олардың сенімді тұлғалары боып табылатын еншілес, тәуелді және басқа да заңды тұлғалар;

3) мүдделер қақтығыстары – жауапты мемлекеттік лауазымдағы, мемлекеттік функцияларлы орындауға құзіретті тұлғалардың, оларға теңестірілген және олардың лауазымдық өкілеттіктеріне теңестірілген

тұлғалардың арасындағы қарама қайшылықтар, мұнда көрсетілген тұлғалардың жеке мүдделері олардың өзінің лауазымдық міндеттемелерінің орындалмауына және (немесе) дұрыс орындалмауына алып келуі мүмкін;

4) сыбайлас құқық бұзушылық – заңды түрде әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік белгіленген құқыққа қарсы сыбайлас жемқорлық белгілері бар әрекеттер (әрекеттер немесе әрекетсіздіктер);

5) сыбайлас жемқорлық қатері – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал етуші себептер мен жағдайлардың пайда болуы ықтималдығы;

6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сақтандыру шараларын әзірлеу және енгізу жолымен сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасауға ықпал етуші себептер мен жағдайларды зерттеу, анықтау, шектеу және жою бойынша субъектілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі.

2 бөлім. «ҰҒЗТО» АҚ және оның еншілес ұйымдарының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мақсаты, міндеттері мен қағидалары

4. «ҰҒЗТО» және оның еншілес ұйымдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларына және ішкі құжаттамаларға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясын орындайтын құрылымдық бөлімшелер белгіленеді (әрі қарай – сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі)

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы Қазақстан Республикасы заңнамаларын «ҰҒЗТО» АҚ және оның еншілес ұйымдарының сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүзеге асырудың мониторингі болып табылады,

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің міндеттері:

1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша сыртқы реттеу талаптары мен ең озат халықаралық тәжірибені сақтауды қамтамасыз ету;

2) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (әрі қарай – Заң) сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттердің негізгі қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

3) сыбайлас жемқорлық қатерлерін анықтау, баға беру және қайта бағалау;

4) Заңға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша шаралар жүйесін тиімді жүзеге асыру;

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру барысында төмендегі қағидаларды басшылыққа алады:

1) квазимемлекеттік сектор субъекті басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс тиімділігіне мүдделілігі;

- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті орындау үшін қажетті күзірет пен ресурстардың жеткіліктілігі;
- 3) сыбайлас жемқорлық қатерлерін бағалаудың тұрақтылығы;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің ақпараттық ашықтылығы;
- 5) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;
- 6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жетілдіру.

3 бөлім. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметін ұйымдастыру тәртібі

8. «ҰҒЗТО» АҚ және оның еншілес ұйымдарына сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциясые ұйымдастыруды жүктеу туралы шешімді тиісінше, «ҰҒЗТО» АҚ Басқарма төрағасы және еншілес ұйымдар директорлары қабылдайды

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі туралы тиісті акті квазимемлекеттік сектор субъектінің ресми интернет-ресурсына орналастырылады және ұйымдың барлық қызметкерлерінің мәліметіне жеткізіледі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыруға жұмылдырылған квазимемлекеттік сектор субъектінің қызметкерлері саны ұйымның штат санына байланысты және ұйымның барлық құрылымдарында және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс функциялары мен міндеттерін тиімді орындауға жеткілікті етіп анықталады, оның ішінде, квазимемлекеттік сектор субъектінің еншілес ұйымдарында, өкілеттіліктерінде және басқа да жекелеген құрылымдарында.

10. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қыметінің «ҰҒЗТО» АҚ Басқарма төрағасына, еншілес ұйымдарда оның басшысына немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары сақталуына бақылауды іске асыратын өкілетті тұлғаға есеп беруін қамтамасыз ету ұсынылады.

11. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қыметі қызметкерінің функционалды міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі оның лауазымдық нұсқаулығында немесе қызметкердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін белгілейтін басқа да құжаттарда көрсетілуі қажет.

12. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қыметіне төмендегі функцияларды жүктеу ұсынылады:

- 1) квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәселелер бойынша ішкі құжаттар әзірлеу;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс саласында стандарттар мен саясатты әзірлеу және өзектеу;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет және сыбайластыққа қарсы мәдениет қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру шараларын жүргізу;

4) мүдделер қақтығысын анықтау, мониторинг және реттеу бойынша шаралар қабылдау;

5) Заңға сәйкес мемлекеттік функцияларды, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді орындауға өкілетті тұлғаларға теңестірілген санатқа жататын, квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің өз функциясын орындауына мониторинг жүргізу;

6) корпоративтік этикалық құндылықтарды дамыту;

7) квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сондай-ақ корпоративтік этика кодексін (болған жағдайда) сақтауын бақылау;

8) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет комитеті төрағасының «Сыбайлас жемқорлық қатерлеріне ішкі талдау жүргізу тұрпатты ережелерін бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес, азаматтық институттар және бизнес-қауымдастығы өкілдерін тарту арқылы, сыбайлас жемқорлық қатерлеріне ішкі талдау жүргізу;

9) сыбайлас жемқорлық қатерлеріне ішкі талдау жүргізу нәтижелері туралы ақпараттың жариялануын қамтамасыз ету;

10) сыбайлас жемқорлық фактілері және/немесе оларға қатысу туралы шағымдар негізінде қызметтік тексерулер жүргізу;

11) квазимемлекеттік сектор субъекті қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қатерлерін төмендету бойынша жұмыстарды үйлестіру;

12) квазимемлекеттік сектор субъекті қызметіндегі сыбайлас жемқорлық қатерлеріне сыртқа талдау жүргізу кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы өкілетті органға қолдау көрсету;

13) сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, сыбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот тәжірибесіндегі өзгерістердің мониторингі және талдау;

14) квазимемлекеттік сектор субъектімен жасалатын азаматтық-құқықтық шарттарға, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама нормаларын, іскерлік этикасын адалдықты шарт тараптарының міндетті орындауын көздейтін ережелерді сатып алу шарттары енгізуді қамтамасыз ету.

13. Жүктелген міндеттерді жүзеге асыру үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне төмендегідей құқықтар мен міндеттерді жүктеу ұсынылады:

1) квазимемлекеттік сектор субъектінің құрылымдық бөлімшелерінен ақпарат пен материалдар сұрату және алу, оның ішінде ұйымның ішкі құжаттарымен регламенттелген, бекітілген жосықтар шеңберіндегі коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтындар;

2) өзінің құзіретіне жатқызылған мәселелерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бағынышты квазимемлекеттік секторы субъектілерінің басшалары немесе басқа да тұлғалардың (органның) қарауына шығаруға бастамашылық жасау;

3) ықтимал сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары немесе Қазақстан Республикасы сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттер туралы заңнамасының бұзылуы туралы келіп түскен хабарламаларға қызметтік тексеру жүрізуге бастамашылық жасау;

4) өзінің құзіреті шегінде мемлекеттік бағдарламалар, нормативтік-құқықтық актілер әзірлеуге және оларды іске асыруға қатысу;

5) өзінің құзіретіне жататын мәселелер бойынша мәслихаттар ұйымдастыру және өткізу;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қыметінің өз функциясын іске асыруы кезінде белгілі болған квазимемлекеттік сектор субъекті және оның сенімді тұлғалары туралы ақпараттың құпиялылығын сақтау;

7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс мәселелері бойынша сыбайлас жемқорлық ықтималдығы мен фактілері, корпоративтік этика кодекстің бұзылуы және басқа да саясат пен жосықтардың бұзылуы туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне өтініш жасаған тұлғалардың құпиялылығы сақталуын қастамасыз ету;

8) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет саласындағы заңнама бұзушылықтың болуы немесе болашақта мүмкіндігіне байланысты барлық жағдайлар туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі бағынышты квазимемлекеттік сектор субъекті және (немесе) басқа орган басшылығына дер кезінде хабарлау;

9) Қазақстан Республикасы заңнамаларына қайшы келмейтін басқа да әрекеттерді іске асыру.

14. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі ақпарат беру арналарын құра алады (мысалы, сенім телефоны немесе «шұғыл желі»), ол арналар бойынша тиісті квазимемлекеттік сетор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың болуы немесе болашақта орын алуы туралы хабарласа алады, немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар енгізеді.

15. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің қызметкері, мүдделер қақтығысына алып келуі мүмкін шараларға (тексерулер, қызметтік тексерулер және т.б.) қатысуына болмайды (жүргізіліп жатқан шаралар шеңберінде қаржылық, мүліктік, туыстық немесе басқа да мүдденің болуы).

16. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі, жұмысқа қабылдаған соң, басқа лауазымға ауыстыру кезінде, сондай-ақ біліктілігін арттыру кезінде (1 жылда бір реттен кем емес), өз қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын білуге жүйелі түрде оқытуды қамтамасыз етуі тиіс.

Оқу жүргізу әдістері түрлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі жеке анықтайды (дәрістер, семинарлар, тренингтер).

17. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметінің мемлекеттік органдармен өзара байланысы тәртібі қолданыстағы заңнамаға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектінің ішкі құжаттарында белгіленеді.

18. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет өкілетті органы және оның аумақтық құрылымдары сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметіне әдістемелік және ақпараттық олдау көрсетеді.

19. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметіне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген іс-шаралар бойынша есеп беру ұсынылады:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы компаенс-қызметі бағынышты тұлғаға (органға) сондай-ақ, тоқсан сайын квазимемлекеттік сектор субъекті басшысына ұсыну;

2) есепті кезеңнен кейінгі айдың 10 күніне, жыл сайын, квазимемлекеттік сектор субъектінің ресми сайтына орналастыру.

20. «ҰҒЗТО» АҚ және оның еншілес ұйымдары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан іс-шаралар туралы өзінің контрагенттеріне, іскерлік әріптестеріне азаматтық қоғам институттарына тұрақты негізде хабарлап отыруы мүмкін.
